

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 140 – 144

AOZ 378.147.88

N.Zh. Zhanatbekova, A.B. Abdulayeva, G.B. Issayeva

Zhetysu national university named by I. Zhansugurov, Taldykorgan
Guka_issaeva@mail.ru

**TEACHING CRITICAL THINKING AS
A KEY TO A COMPETITIVE FUTURE**

Abstract. The article deals with methods and techniques of the technology of critical thinking development that can be used at the lessons of Informatics and ICT. These techniques allow to capture the interest of students to develop logical and creative thinking. Learning to think critically, the purpose of the application during training module: in front of the students in each issue, not only from the external point of view, a critical approach to peer into the deep inner meaning adaptation; critical thinking by inculcating the principles of trying to provide leadership. That is, the day the students access to the growing wider opportunity to participate in the success of effective communication processes and to develop critical thinking and research skills. Daily lesson by the teacher should be subjected to various changes in accordance with modern requirements. Take a lesson interesting and attractive depends on the skill of the teacher. Cambridge is one of the main goals of the program to teach critical thinking.

Key words: creative, critical, logical, thinking, technology.

ӘОЖ 378.147.88

Н.Ж. Жанатбекова, Ә.Б. Абдулаева, Г.Б. Исаева

I.Жансүріров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., Қазақстан

**СЫНИ ТҮРФЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ –
БӘСЕКЕФЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ**

Аннотация. Бұл макалада информатика және АКТ сабактарында білімферлердің үйретудің әдістері мен тәсілдері қарастырылған. Аталған әдістер білімферлердің пәнге деңгөн қызығушылығын арттырып, логикалық және шығармашылық ойлауын дамытатындығы көрсетілген. «Сыни түрфыдан ойлауға үйрету» модулін оқыту процесі кезінде қолданудың мақсаттары: студенттерді алдына ұсынылған әрбір мәселеге, берілген сиртқы көзқарас түрғысынан қарап қана қоймай, оның ішкі мәніне сыни көзқарас түрғысынан терен үңіле қарауға бейімдеу; сыни түрғысынан ойлану принциптеріне баулу арқылы лидерлік қасиеттерді қамтамасыз етуға тырысу. Яғни, білімферлер күннен-күнгө қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдан қатысуга мүмкіндік беретін сыни түрфыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек. Оқытушының құнделікті өткізетін сабабы қазіргі заман талабына сай әр қылыштықтың ұшырап отыруы тиіс. Сабактың қызықты, әрі тартымды етуі ұстаздың шеберлігіне байланысты. Кэмбридж бағдарламасының неғізі максатының бірі – сыни түрфыдан ойлауға үйрету. Сыни түрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Өзара оқыту арқылы ынтымақтастық пән серіктестік тудырды, білімферлер бір-бірінің ойымен де есептесуға ұмтылды, бір-бірін оқытты, сұрақтар қойып, жауап берді.

Түйін сөздер: шығармашылық, ойлау, сыни түрфы, логикалық ойлау, технология.

Сапалы білім – ел болашағын айқындастын басты көрсеткіш болып табылады. Соңдықтан, қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы - бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта енбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азamatты тәрбиелеуді көздейді.

Ұлы ағылшын агартушысы Уильям Уарт жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады деген екен. Соган байланысты, қазіргі таңда мұғалімдер алдында білім жүйесін заман талабына сай үйлестіре, жаңа ұлгіде жүргізу міндеті туындалап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылада.

Осы мақсатты жүзеге асыра бастаудың бір жолы - сындарлы оқыту технологиясы деуге болады.

Кембридж бағдарламасының негізгі міндеті – ұстаздардың білім, біліктілігін арттыру, педагогикалық тәжірибесімен ұстаздар арасында өзара бөлісу. Бұл бағдарлама бойынша сындарлы оқытуды жүзеге асыруда қамтылған жеті модульді сабактарда ықпалдастырудың маңызы өте зор.

- Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер;
- Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
- Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру оқыту;
- Білім берудегі басқару және көшбасшылық [1].

Оқытушының күнделікті өткізетін сабағы қазіргі заман талабына сай әр қылыш өзгеріске ұшырап отыруы тиіс. Сабактың қызықты, әрі тартымды етуі ұстаздың шеберлігіне байланысты.

Кембридж бағдарламасының негізгі мақсатының бірі – сини тұрғыдан ойлауға үйрету.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен енбегі. Тәжірибелі жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау інтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, тұртқи болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нөрсөн елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуға дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді [2].

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулін оқыту процесі кезінде қолданудың мақсаттары: студенттерді алдына ұсынылған әрбір мәселеге, бергі сыртқы көзкарас тұрғысынан қарап қана қоймай, оның ішкі мәніне сини көзкарас тұрғысынан терен үніле қаруаға бейімдеу; сын тұрғысынан ойлану принциптеріне баулу арқылы лидерлік қасиеттерді қамтамасыз етуге тырысу. Яғни, білімгерлер күннен-күнгө қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай катысуға мүмкіндік беретін сини тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек [3].

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулі бойынша оқытуда Джиксо – ұжымдық оқыту әдісін пайдалануға болады, оның мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір білімгер бір сәт өзін оқытушы ретінде сезінеді, окуға деген жауапкершілігі артады. Білімгердің окуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

Мысал ретінде, аталған әдісті қолдана отырып өткізілген сабакты алуға болады. Ең алдымен топты жыл мезгілдері бойынша 2 топқа бөліш, I топқа: «Corel Draw бағдарламасында қарапайым мәтінді құру қалай жүзеге асады?», II топқа «Corel Draw көркем бейнелік мәтінді құру қалай жүзеге асады?» деген сұрақтарды жұпта, топта талқылап, постерді қорғау ұсынылды (1-сурет).



Сурет 1 – Білімгерлердің постер дайындау барысы

Мәтінді оқып болған соң, әр топ өздеріне берілген мәтіннің бөлігін постер арқылы қорғады. Постер жасау барысында бірінші топ басқа топтарға қарағанда логикалық ойлау қабілеттерінің жоғарғы деңгейде екендейтін байқатты. Білімгерлер бұл топтың жұмысқа қызыға белсене қатысты. Білімгерлердің өзара пікірлерімен белісу, әңгімелесу, баяндау, өз ойларын постер жасау арқылы түсіндіріп беру, сұрақ-жауап кезеңдерінде жақсы байқалды. Нашар оқитын білімгерлер де өз ойын ортаға салып, қолынан келгенше тырысып бақты.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен тузыледі [4].

Қызығушылықты ояту кезеңі бұрынғы билетін және жана білімді ұштастырудан тұрады. Бұл кезеңді жүзеге асыруда «Топтау», «Тұртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Кім жылдам» т.б. стратегияларды тиімді пайдалануға болады. Бұл кезеңде білімгер өз билетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы жана білім жайлыш ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады, ең негізгісі білімгерлердің сабактағы белсенділігі артады.

Мағынаны тану кезеңінде білімгер жана ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындауды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Бұл кезеңде INSERT, Венн диаграммасы, Сократ шенбері, ашық диалог, «Ойлан, жұптас, бөліс», «Ыстық орындық», TV шоу т.б. стратегияларды пайдаланған тиімді.

Бұл кезеңде білімгерлер жана ақпаратпен танысады, тақырыпты талқылады, байқағаным топтағы деңгейі орташа білімгерде топтық тапсырма барысында өз үлесін қости. Өзара оқыту арқылы ынтымактастық пен серіктестікті тудырды, білімгерлер бір-бірінің ойымен де есептесуге ұмтылды, бір-бірін оқытты, сұрақтарар көйліп, жауап берді.

Ой-толғаныс кезеңі күнделікті оқыту үрдісінде білімгерлердің толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен карап, баға беруге үйретеді.

Осы кезеңде «Бес жолды өлең», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» стратегияларын әр сабактың ерекшелігіне карай пайдалануға болады.

Сын тұрғысынан ойлау сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және төмендегі қабілеттерді дамытуды көздейді:

- айтқандарын негіздеуге және өмірлік тәжірибеліден «сабак алуға» әзірлік;
- күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеяларын сынни бағалау;
- өзінің пікірінді басқалардың сынни бағалаудына және пікірініздің кате болуына ашық болу;
- идеяларды тексеріп, «шындықты» іздеуге ұмтылу.

Балаларға негізделген, әділ сын тұрғысынан ойлауды қалай дамыту керектігін көрсету қажет. Оларға сұрақ қою, негіздеу, болжам жасау мен модельдеу дағдыларын жаттықтыру қажет. Сын тұрғысынан ойлауға оқыту:

- қалай, қашан және қандай сұрақтарды қою қажет екендігі;
- қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керектігі туралы негізді шешім шығаруға үйрету дегенді білдіреді.

Бенджамин Блумның жіктеуінде сын тұрғысынан ойлау «бағалау» деген атпен ойлаудың алты дағдысының ең жоғарғысы болып табылады.

Оқытушы шеберлігі арқылы білімдердің білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы білімгерлердің алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Қорыта айтатын болсақ, осы жоғарыда айттылғандардың негізінде сабакты жана технология әдістерін колдану арқылы жүргізу - білімгердің өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап ізделп жан-жақты білім алуына көмектеседі.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Буч Г. Объектно-ориентированный анализ и проектирование с примерами приложений на С++. –М.:Бином: СПб.: Невский диалект, 1998. -560 с.
- [2] Советов Б.Я. Информационная технология. –М.: Высшая школа, 1994. -368 с.
- [3] И.Г.Захарова. Информационные технологии в образовании. Учеб. пособие для студ.высп.учеб. заведений. М.:ИЦ «Академия», 2005. 192с.
- [4] Е.В.Михеева. Информационные технологии в профессиональной деятельности. М.:Академия, 2006. -384с.
- [5] Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Учеб.пособие для студ.пед.вузов и системы повыш. пед. кадров.- М.: Издательский центр “Академия”, 2001-272б.
- [6] Лагчик М.П. и др. Теория и методика преподавания информатики. М.:Академия, 2001. -624 с.
- [7] В.А.Сластенина. Педагогика профессионального образования. М.: Акад., 2004. -368с.
- [8] В.А.Попков, А.В.Коржуев. Теория и практика высшего профессионального образования. М.: Академический проект, 2004. -428с.

- [9] М.Т.Громкова. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учебное пособие для вузов. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. -415с.
- [10] Дьюи Дж. «Школа и общество» (1925) – цит. по «Педагогическая лекция. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. К журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. 4, 2003 – с.
- [11] Киппартрик У.Х. «Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе» (1928) – цит. по «Педагогическая лотерея. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. четвертый, 2003 – с. 6.
- [12] Полат Е.С. «Современные педагогические и информационные технологии в системе образования». М. 2001. 272 бег.
- [13] В.Д.Симоненко. Технология. Сборник творческих проектов учащихся, 2-е издание. – М., 250 с.
- [14] Павлов М.Б. Технология обучения. – М., 2000. – 201 с.
- [15] Беспалько, В.П. Основы теории педагогических систем. – М., 2001. – 205 с.
- [16] Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. - М.: Педагогика, 1986. - 240с.
- [17] Дьяченко В.К.Генезис научного педагогического сознания (логико-исторический анализ) [Текст]: дис. ...д-ра пед. наук / С.А. Днепров. - Екатеринбург, 2000. - 460 с.
- [18] Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие.– М.: Народное образование, 1998
- [19] Галыперин П.Я.Введение в психологию. – М., 205 с.
- [20] Кузьмина Н.В.Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся. Возрастная психология. №3. – С15-20.
- [21] Ильина Е.Н.Социальная педагогика: Курс лекций. М., 1986. – 256 с.
- [22] Лысенкова С.Н. Развитие мышления школьника. М.: Учпедгиз, 1935. С.128.
- [23] Шаталов В.Ф. Педагогическое мастерство (для учителей и родителей). – М., 2005.
- [24] Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: дисс. ... д-ра пед. наук: 13.00.02. – М., 1998. – 153 с.
- [25] Медеуов Е.У. Формирование новой образовательной системы Республики Казахстан в эпоху информационных технологий //Труды II международного Конгресса ЮНЕСКО «Образование и информатика». – М., 1996. – С.120-125.
- [26] Балыкбаев Т.О. Теоретико-методологические основы информационной модели формирования студенческого контингента ВУЗов: дисс. ... д-ра пед. наук: 13.00.01 + 13.00.02. – Алматы, 2003. –298 с.
- [27] Нұрбеков Б., Нұрбекова Ж.К. Компьютерлік оқытушы жүйесіне қойылатын негізгі педагогикалық-психологиялық талаптар // Информатика нағіздері. – 2002. – № 2. – 6-10 б.
- [28] Халыкова Г.З. Информатиканы оқыту жүйесі. А., 1999. – 250 б.
- [29] Шекербекова Ш. Мәліметтер қорын оқыту жүйесі. –А., 1999. – 215 б.
- [30] Абдулкаримова Г.А.. Современные технологии в начальном образовании // Информатика и образование. – 1999. – № 3. – 108 с.

REFERENCES

- [1] Turmoils of. The object-oriented analysis and design with examples of appendices on With ++. – M.:biny: SPb.: Nevsky dialect, 1998.-560 pages.
- [2] Councils B. Ya. Information technology. – M.: The higher school, 1994.-368 pages.
- [3] I. G. Zakharova. Information technologies in education. Studies. a grant for stud.vyssh.ucheb.zavedeniye. M.:ITs "Academy", 2005. 192 pages.
- [4] E. V. Mikheyeva. Information technologies in professional activity. M.:akademiya, 2006. - 384 pages.
- [5] Polat E.S. New pedagogical and information technologies in an education system. Ucheb.Posobiye for stud.ped.vuz and system повыш. пед. shots. - M.: Publishing center "Akademiya", 2001-272b.
- [6] Lapchik M.P., etc. Theory and technique of teaching informatics. M.:akademiya, 2001.-624 pages.
- [7] V. A. Slastenina. Pedagogics of professional education. M.: Academician, 2004. - 368 pages.
- [8] V. A. Popkov, A. V. Korzhuyev. Theory and practice of higher education. M.: Academic project, 2004. - 428 pages.
- [9] M. T. Gromkova. Psychology and pedagogics of professional activity: Manual for higher education institutions. M.: UNITY-DANA, 2003. - 415 pages.
- [10] Dewey Dzh. "The school and society" (1925) – tsit. on "Pedagogical lecture. 2003/04 educational year. A method of projects at school" / Special prilozh. To the "Lyceum and Gymnasia Education" magazine, the issue 4, 2003 – page.
- [11] Kilpatrick У.Н. "Method of projects. Application of target installation in pedagogical process" (1928) – tsit. on "Pedagogical sailing directions. 2003/04 educational year. A method of projects at school" / Special prilozh. to the "Lyceum and Gymnasia Education" magazine, the issue fourth, 2003 – page 6.
- [12] Polat E.S. "Modern pedagogical and information technologies in system of education". M of 2001. 272 Beth.
- [13] V.D.Simonenko. Technology. Collection of creative projects of pupils, 2nd edition. – M, 250 pages.
- [14] Pavlov M. B. Technology of training. – M, 2000. – 201 pages.
- [15] Bespalko, V.P. Bases of the theory of pedagogical systems. – M, 2001. – 205 pages.
- [16] Davydov V. V. Problems of the developing training: Experience of theoretical and pilot psychological study. - M.: Pedagogics, 1986. - 240 pages.
- [17] Dyachenko V.K.Genezis of scientific pedagogical consciousness (logiko-istorichesky analysis) [Text]: yew.... Dr.s пед. sciences / Page. A. Dneprov. - Yekaterinburg, 2000. - 460 pages.

- [18] Selevko G. K. Modern educational technologies: educational grant. – M.: National education, 1998
- [19] Galperin Ya. Vvedeniye in psychology. – M, 205 pages.
- [20] Kuzminan. V. Pedagogicheskoye skill of the teacher as factor of development of abilities of pupils. Age psychology. No. 3. – С15-20.
- [21] Ilyinaye.N. Sotsialnaya pedagogics: Course of lectures. M, 1986. – 256 pages.
- [22] Lysenkovas.N. Development of thinking of the school student. M.: Uchpedgiz, 1935. Page 128.
- [23] Shatalov V. F. Pedagogical skill (for teachers and parents). – M, 2005.
- [24] Bidaybekov E.Y. Development of methodical system of training in informatics of experts of the profiles combined with informatics at universities of the Republic of Kazakhstan: yew. Dr.s ped. наук.: 13.00.02. – M, 1998. – 153 pages.
- [25] Medeuov E.U. Formation of new educational system of the Republic of Kazakhstan during an era of information technologies//Works II of inter@. Congress of UNESCO "Education and informatics". – M, 1996. – Page 120-125.
- [26] Balykbayev T.O. Teoretiko-metodologichesky bases of information model of formation of the student's contingent of HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS: yew.... Dr.s ped. nauk.: 13.00.01 + 13.00.02. – Almaty, 2003. –298 pages.
- [27] Nurbekov B., Nrbekova Zh.K. Kompyuyuterl_k oytushy to the zhyesena oyylatyn негізгі pedagogikaly - psikhologiyaly қ талаптар//Informatics негіздері. – 2002. – №. 2. – 6-10.
- [28] Halovag.Z. Informatikany oytu әдістемесі. And., 1999. – 250.
- [29] Shekerbekovash. MI_metter oryn oytu әдістемесі. – And., 1999. – 215.
- [30] Abdulkarimovag.A. Modern technologies in initial education//Informatics and education. –1999. – №. 3. – 108 pages.

Н.Ж.Жанатбекова, Э.Б.Абдулаева, Г.Б.Исаева

Жетысуский национальный университет имени И.Жансугурова, г. Талдыкорган

УЧИТЬ КРИТИЧЕСКИ МЫСЛить – ЗАЛОГ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОГО БУДУЩЕГО

Аннотация. Статья освещает методы и приемы технологии развития критического мышления, которые можно использовать на уроках информатики и ИКТ. Эти приемы позволяют вызвать интерес студентов к предмету, развивают логическое и творческое мышление.

"Учимся мыслить критически," цель применения во время учебного модуля: перед студентами в каждом выпуске, а не только с внешней точки зрения, критический подход к вглядываться в глубокой адаптации внутренний смысл; критическое мышление, внушая принципы, чтобы пытаться обеспечить лидерство. Другими словами, доступ студентов ко дню растет более широкие и эффективные коммуникационные процессы, чтобы успешно участвовать в развитии критического мышления и исследовательских навыков. Ежедневный урок учитель должен подвергаться различным изменениям в соответствии с современными требованиями. Возьмите урок интересным и привлекательным, зависит от мастерства учителя. Кембридж является одной из основных целей программы научить критическому мышлению. Признание критического мышления в интересах значения захватывающих этапов мышления формируется. Студенты создали партнерства и сотрудничества на основе взаимного обучения мысли друг друга и преподавала стремились компенсировать друг друга, задавать вопросы, ответили.

Ключевые слова: творческое, критическое, логическое, мышление, технология.